


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
им. М.АУЕЗОВА

**«ЭТНОСАРАЛЫҚ ӨЗАРА ҚАТЫНАСТАР -
ЕУРАЗИЯШЫЛДЫҚ ИДЕЯЛАРДЫ ДАМЫТУДЫҢ КЕПІЛІ»
атты ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
ЕҢБЕКТЕРІ**



ТРУДЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
**«МЕЖЭТНИЧЕСКИЕ ВЗАИМООТНОШЕНИЯ -
ГАРАНТИЯ РАЗВИТИЯ ЕВРАЗИЙСКИХ ИДЕЙ»**

ПАТРИОТИЗМДІ ТӘРБИЕЛЕУ – ҚОҒАМДАҒЫ ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ, БЕЙБІТШІЛІК ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫЛЫҚ НЕГІЗІ

М.Т. Баймаханбетова

Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық-экономикалық колледжі

Резюме

В этой статье говорится о патриотическом воспитании будущего поколения и молодежи, о межнациональном соглашении Казахстана с мировыми странами и об основе мирного постоянства.

Summary

This article is about Patriotic treatment of future generation and youth, about international agreement of Kazakhstan with world countries and about the basis of Peace constancy.

Өз Отанын жан тәнімен сүю – адамшылдықтың асқар шыны.
В.Г.Белинский.

««Оң жағындағы тұңғықтан құтыламын», - деп сол жағындағы шаңырауға құлап кетпе.»,-деп Бұқар жырау айтқандай қазіргі таңда жастарды тәрбиелеуде жаға ұстатарлық жәйттер өте көп кездесуде. Әйтседе оларды патриоттық тәрбиеде тәрбиелеу өте үлкен іс екені рас.Дегенмен әрбір адамның жүрегінде патриоттық сезім болса оның жолында шыңына шығар тау болса да, асып түсері анық жайт. Оның туын тігер жас ұрпақ, дарын иесі болса мұның бәріне болмасада шама шарқы жеткенге дейін елімізде бар жағдай жасалған. Сонау Әбілқайыр ханның тұсынан бері дәл қазіргі уақытқа дейін жалғасын тауып келеді. Тіпті ойшыл психологтардың өзі де патриоттық тәрбиені қалыптастыру жолында жылдап, ғасырлап болса да шешімін тапқан сияқты. Бірақ мұны қолдап,құптар жандар бар болса,ол әрине келер ұрпақ,оларға тәлім-тәрбие беріп,жол сілтеп, бағыт-бағдар көрсетіп арнасына түсіру ол - сізбен біздің қолымызда екенін ұмытпағайсыз!

Күннен-күнге жаңа бір әлем, яғни, жаңалықтар пайда болуда. .Көз көрмеген, құлақ естімеген жәйттер де көп. Алайда, Елбасымыздың халыққа жолдауында да барлығымызға бар жағдай жасалған. Тіпті ұлтаралық қарым-қатынастарда нығая түсуде.

Қазақстан Республикасында 14 облыс,159 аудан, 85 қала, 195 кент, 2150 ауылдық және селолық округтер бар. Халық саны жағынан 17 млн.адам ұлттық құрамы жағынан қазақтар 55%, орыстар 27%, уаиндар, 7%, немістер 3%, ұйғырлар 2%, корейлер (кәрістер) 2%, өзге ұлттар 7%. құрайды. Қазақстан Батысы мен Солтүстігі Ресеймен, Өзбекстан, Түркіменстан және Қырғызстан, Шығысы Қытаймен шектесуде. .Мұнымен ғана емес, әлемдегі бар елдермен де тығыз қарым-қатынаста.

Қ.Р 1991 жылы 16-желтоқсанда тәуелсіздік алғаннан кейін халықаралық қатынастар жүйесіндегі дербес әрі тәуелсіз мемлекет ретінде көптеген ғаламдық және

аймақтық ұйымдарға мүше болды. Осындай ұйымдарға мүше болу арқылы Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстанның тәуелсіз мемлекет екендігі саяси дипломагиялық тұрғыдан танытып, ел экономикасын интеграциялауды көздеді. Қазақстанның тікелей ашық теңізге шығар жолының болмауы мұнай және басқа қазба байлықтармен өнеркәсіп өнімдерін шет елге тасымалдауға кері әсерін тигізіп отыр. Осыған қарамастан Қазақстан ТМД елдері ішінде экономикалық дамуы тұрғысынан ең алдыңғы қатарда.

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдан бастап Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев инфрақұрылымды тез арада жақсартуды, әсіресе энергетика, электрлендіру, темір жол, автожол, коммуникация т.б. сияқты салаларды жетілдіруді мақсат тұтты. Бұл мақсат еліміздің аймақтық және ғаламдық экономикалық жүйенің дамуын көздейтін ұйымдарға мүше болу арқылы жүзеге асады. Қысқасы Қазақстанның мүше болған аймақтық және ғаламдық деңгейдегі ұйымдар, еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде экономикалық тұрғыдан дамуына өз үлесін қосуда.

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) Азия аймағында орналасқан мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында құрылған Кеңесті құру туралы ең алғашқы ұсынысты 1992 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 47 сессиясында сөз сөйлеген Қ.Р Президенті Н.Ә.Назарбаев болған. Елбасымыз бұл ұйымда Азия аймағында тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтап, Орталық Азияның геосаяси жүйесін реттейтін мемлекетаралық ұжымдық интеграция деп танытты.

АӨСШК-ге Азия аймағында тұрақтылық пен бейбітшілікті көздейтін кез-келген мемлекет қатыса алады. Жаңа кеңесті ұйымдастырудағы басты мақсат Азия аймағында орналасқан мемлекеттің қауіпсіздігін халықаралық құқыққа сай қамтамасыз етіп, халықаралық тәжірибені пайдалана отырып аймақта соғыс қаупін төмендету болып табылды. Қазіргі таңда АӨСШК азия елдерінің қауіпсіздік мәселелері бойынша өзара консультациялар мен пікір алмасулар өткізуге мүмкіндіктер беретін халықаралық форумға айналып отыр.

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шараларының ең алғашқы Саммиті 2002 жылдың 4 маусымында Алматыда өтті. Бұл саммитке Азиядағы он алты мемлекеттің басшысы қатысты. Саммиттің нәтижесі ретінде Алматы актісі қабылданып «Лаңкестікке қарсы күрес» және «Өркениеттер арасындағы диалогқа жәрдемдесу» декларациясы тәрізді аса маңызды құжаттарға қол қойылды. Сонымен қатар Қазақстан БҰҰ - да да орын алады. БҰҰ дүниежүзі мемлекеттерінің басым көпшілігін біріктіріп отырған халықаралық ұйым БҰҰ 26 маусым 1945 жылы 50 мемлекет тарапынан қол қойылған Сан-Франсиско конференциясы шешімімен құрылған.

БҰҰ-на 191 мемлекет мүше болса оның есігі бейбіт сүйгіш барлық мемлекеттер үшін ашық. Ұйымға мүшелік елдерді «Қауіпсіздік кеңесінің» ұсынуы бойынша «Бас Ассамблея» қабылдайды.

БҰҰ жүйесіне кіріп атом қуатын бейбіт мақсатта пайдалану және ядролық қаруды таратпау мәселелерімен айналысатын үкіметаралық ұйым. Қазіргі таңда бұл ұйымға 123 мемлекет мүше. Агенттік БҰҰ-ның бас Ассамблеясы мен Қауіпсіздік кеңесі органдарына өз қызметі жайлы жыл сайын мәлімет береді. АҚШ, Ресей, Франция, Ұлыбритания, ҚХР сияқты елдер ядролық қондырғыларын агенттің бақылауына берген.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері бейбітшілік әрі «Еуразия аймағында» саяси тұрақтылық пен қауіпсіздікке қосқан өлшенбес үлесі екендігін ескерген жөн. Қазақстан МАГАТЭ-ге 1994 жылдан бері мүше. Тәуелсіздік алғаннан соң ядролық қарудан бас тартқаны үшін Қазақстан бұл ұйымда аса сыйлы елдердің бірі болып табылады. Бұған қоса Астананың атом энергиясын тек бейбіт мақсатта МАГАТЭ-нің ұстаымен сәйкес келеді. Бұл-ұйымның ғаламдық деңгейде ұстанған басты мақсаттары:

- Дүниежүзілік тұрақтылықты, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- Мемлекеттер арасындағы жанжалдарды дипломатиялық тәсілдер арқылы шешуге жәрдемдесу;
- Халықаралық құқықтық жүйені нығайту;
- Мемлекеттер арасында экономикалық, сауда-саттық, мәдени т.б.ынтымақтастықты дамыту болып табылады. БҰҰ-ның штаб пәтері АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында орналасқан.

Орталық Азия ынтымақтастық ұйымы (ОАЫҰ) Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 1994 жылы 29 наурызда Мәскеуге ресми сапармен барып «Мәскеу мемлекеттік университетінің» оқытушы профессорлар құрамының алдында «Еуразиялық одақ құру» идеясы негізге құрылды. Елбасымыздың бұл ұсынысын Ресей мемлекеті қолдады. Мұндай қадамның ең алғашқысы 1994 жылы 30 сәуірде Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан бастаған «Біртұтас экономикалық кеңістік» ұйым болды.

Ұжымдық қауіпсіздік келісім шарт ұйымы.

ҰҚКШҰ 2002жылы 14 мамыр да аймақтық үкіметаралық ұйым ретінде құрылды.

Мүше мемлекеттер: Ресей, Қазақстан, Армения, Белорусь, Қырғызстан және Тәжікстан елдері.

Басты мақсаты:

-мүше елдердің тәуелсіздігін, территориялық тұтастығын сақтап, аймақта бейбітшілік қамтамасыз ету;

-мүше мемлекеттердің кез-келгенін соғыс қауіпі төнген жағдайда қалған мүше елдердің ұжымдық қауіпсіздігін жүзеге асыру.

Ұлтаралық ынтымақтастығы экономикалық ынтымақтастық ұйымы «даму мақсатындағы аймақтық ынтымақтастық ұйымының»мирас қоры ретінде 1985жылы құрылды. 1992жылы ТМД елдері мүше болып қазіргі таңда жалғасын табуда.

Міне, қазірде осындай жағдайлар жасалып Қазақстан әлемдегі мемлекеттермен күннен-күнге қарым-қатынасы нығая түсуде.Әрине бұл Елбасымыздың ұлтаралық қатынастар келісімінің арқасында десек артық айтпаймыз. Жоғарыда көрсетілген барлық деректер еліміздің жастарымен келешек ұрпаққа жасалып отыр. Бірақ, қазіргі күнімізге үнілер болсақ бұл жайт толғандырар түрі жоқ. Оның басты себептер: Ата-ананың мәдениетсіздігі не болмаса тәрбие дұрыс бере алмауында, Балабақшада, білім ордасында және орта арнаулы, ЖОО орындарында да белең алып келеді.не болса соған еліктей кететін халық болғандықтан ба, әлде, аңғалдығымыздан ба түсініксіз? .Кеш болса кафе, бар мен казино жағалай кететін жастарға айтарым көп.

Замандасқа

Қорқамын мен.
Келешектен,
Ағалардан қорқамын
Зардап шеккен.
Қорқамын мен
Сайқымазақ өмірден,
Бұл күндері мені де
Мазак еткен.

Қытай қаптап келеді
Төбеңнен,
Мәз қылады би билеп
өзбек өнермен.
Ал келсең ғой 15 жасар
Қазаққа,
Бірін айтсаң бәрін айтып,
өлермен.

Маздаған от сөнер,
Бір күндері.
Замандасым көнері
Қалмаса егер
Күдері,
Мына заман сиқын ашқан
Тыржалаңаш
Жас ұрпақтың көріп жүр ғой көздері.

Мына заман құртып барады
Сананды
Риза болады құртсаң егер
Қаранды.
Жилендім мен бұл күндері
өмірден,
түгендеген атаңменен
ананды.

Адам деген сай болса ғой
Затына
Ақындар бар қалып қойған
Қапыда
Тым болмаса зер салса ғой
Сол ақынның
Атына.

Оятса ғой бабаларды
Бұл жалған,
Абай, Мағжан сол заманда
ән салған
бұл заман деп
Шәмшіде сонда ән
Салған.

Еске алшы шырылдаған
Қайратты
Ержүрек ақын даланы
өзіне қаратты.
Ал келсең ғой қазіргі
Жастарға
Казиноны қалдырмай
Сушу ішеді
Шарапты.

Достарым мені де бір
Кешіріндер,
Алдыңа келсе Абайды еске
Түсіріндер
Сол кезде айтып шырылдаған
Қайратты да
Түсініндер!

Осылай мен өз замандастарымды патриоттық тәрбиеге елге, жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыруға шақырамын. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев бағдарлаймызды жасап отыр. «Болашақ» бағдарламасымен де шет елге барып білім алып жатыр. Ендеше, ертеңгі болашағымыз өз қолымызда. Орта арнаулы және ЖОО орындарында да бұл жөнінде көптеген мұғалімдер тер төгуде.

Алуан әуеннің арасында жалықпай таныр, бойымызға ата-баба қанымен қосылған ажарлы айшылығымен музыкалық символымыз жүректерге жол тапқан өнер туындысы екенін соңғы сынақта тағы бір рет дәлелдеп шықты. Әрине, бұл жастарымыздың патриоттық рухы болса керек,

«Тәуелсіздік» біздің қазақ тілегі

Әділеттік пен тыныштық егеменнің тірегі.

Елім, жерім, халқым деген жастардың,

Соғады елі үшін жұдырықтай жүрегі!!!- атты ұранмен біз тек қана алға қарай жылжып жол таба аларымыз анық.

Әдебиеттер

- 1 «Бейбітшілік кіндігі» Н.Ә.Назарбаев, Астана «Елорда» 2001 ж, 304 б.
- 2 «Қазақстан әлем сынасатын, әлем сыйласатын елге айналады» Н.Ә.Назарбаев «Егемен Қазақстан»: 2005ж, 30 қыркүйек № 222-223 (24180)
- 3 «Лекции по истории международных отношений» А.И.Исмаилов. Шымкент, 170 стр. (155-158)
- 4 «Казахстан в современном мире» В.А.Ермаков, Алматы «Жибек жолы», 2003 г, 136 стр, (55)
- 5 «Тәуелсіздік белестері» Н.Ә.Назарбаев . Алматы «Дәуір», 2003 ж, 336 б, (135-146)
- 6 «Международные отношения» С.А.Тюпов, И.Н.Фомичева. Москва: 1999г, 456 стр, (309-310)
- 7 «Халықаралық ұйымдар мен мемлекеттер одақтары» А.А.Амирбек. Шымкент: 2006ж.